

Тату доспыз бәріміз»

Тәрбиешісі: Амангалиева Б.А.

...ы: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға биікелеу.

Өрнекіліктер: Ұрандар, қима көгершіндер, шарлар, гүлдер, ұлттық костюмдер.

Жүргізуші:

Бірлік пен ынтымағы халықтың -

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

Жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, ұстаздар, тәрбиеленушілер!

ҚР мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Тату доспыз бәріміз» тақырыбындағы тәрбиелік іс-шараға қош келдіңіздер.

Ортада ҚР ән ұраны орындалады.

(Ән ұран орындалады.)

Жүргізуші:

Бұл мереке бұрын бүкіләлемдік «Еңбекшілер күні» болып тойланды.

Қазір ол «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып есептеледі.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмай

Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай-дей отыра ортамызға ұлттар биін қарсы алайық.

2 Ұлттар биі.

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Ал, біздің президентіміз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

— Біздің елімізде қандай өзге ұлттар бар?

— Орыс, татар, өзбек, кәріс, қырғыз, үнді және де т.б.

— Дұрыс айтасыңдар. Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір

— бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен.

3 Ән: «Татулықта күшіміз»

Балалар, көп ұлттарымыздың өздерінің салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт — дәстүрлерін, ән — жырларын көрсетеді. Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел» деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркейіп, әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

4 Тақпақтар

«Сұңқар» тобы билейді
«Сұңқар» тобы билейді.
Ортада шаттық көңілмен,
Павлин биін ересек

5 Би «Павлин»

6 Ән: «Дос болу керек»

7 Ұлттық ойын.

8 Ән: «Ақ көгершін»

Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әртүрлі ұлттар тату-тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»-деген халық мақалы біздің елге айтылғандай. Осымен «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.

